

<sup>1</sup>Ж.Жұмабаева, <sup>2</sup>А.Аманбаева,

<sup>1,2</sup> А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, филология ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер  
(E-mail: janar\_tolendi@mail.ru, AAisaule@mail.ru)

## Қазақ тіл біліміндегі фонетикалық және фонологиялық транскрипция

Қазіргі қазақ тіл білімінде транскрипция мәселесін арнайы зерттеу қажеттіліктен туындап отыр. Өйткені ғалымдардың зерттеулерінде транскрипция жайында қозғалғанымен, оның жүйесі көрсетілмей, бірізділік сақталмай келеді. Мақалада жалпы транскрипция ұғымы мен оның жалпы тіл біліміндегі зерттелуі жайы сөз болады. Сондай-ақ дыбыс пен жазудың ара қатынасы, яғни қазақ тіл біліміндегі фонетикалық және фонологиялық транскрипцияның мазмұны мен айырмашылығы тілдік деректер негізінде анықталады. Қай тілді алсаңыз да оның таңба ретінде жазылуы мен оның дыбысталуында ерекшелік болып жатады. Яғни транскрипция арқылы біз орфография мен орфоэпияның ара-қатынасын анықтаймыз. Жалпы графика шартты таңба ретіндегі дыбыстың бейнесі болса, ал транскрипция дыбысталуын дәл көрсету үшін берілетін шартты таңба. Транскрипцияның негізгі қызметі сөздің дыбыстық немесе фонемалық қызметін дәл көрсету болып табылады. Бір фонема жазуда әртүрлі әріптермен таңбалануы мүмкін, ал транскрипцияда бір фонема бір ғана таңбамен белгіленеді. Осы кезге дейін қазақ тіл білімінде дыбыстарды транскрипциялаудың жүйесі берілмей, әртүрлі таңбаланып келді. Сондықтан ғылыми зерттеуде қазақ тілінің фонетика-фонологиялық транскрипциясын жүйелеу мақсатында фонетикалық пен фонологиялық транскрипцияны ажыратып көрсету қажет. Осы орайдасөздерді транскрипциялау үшін әрбір фонеманың акустикалық және артикуляциялық сипаты ашылып беріледі. Сондай-ақ транскрипцияланған сөздердің просодикалық ерекшелігін ашып беру мақсатында мәтін интонациялық тұрғыдан синтагмаға бөлініп, интонация модельдері көрсетілетін болады.

*Тірек сөздер:* фонетика, әріптер, әріп тіркестері, транскрипция, фонетикалық транскрипция, фонологиялық транскрипция, акустика, артикуляция.

### *Kipicne*

Қазіргі таңда қазақ фонетикасы, дәстүрлі фонология, сингармониялық фонетика, интонология саласы қарқынды дамып, әртүрлі зерттеулермен толықтырылып келеді. Сондай-ақ қазақ фонетикасында дыбыстардың жасалым, естілім, айтылым сипаттамалары эксперименттік талдау негізінде зерттелді. Қазақ тілінің сегментті және суперсегментті бірліктерінің қызметі, компоненттері, фонема-интономалардың дайындықсыз сөйлеудегі көрінісі мен сөз ағымының просодикалық ерекшелігі, мәтін интонациясының прагматикалық аспектісі, фонемалардың вариант-вариация өзгешеліктері жан-жақты қарастырылды. Соның нәтижесінде дәстүрлі фонология мен интонология, фонетика (артикуляторлық фонетика) саласы қарқынды дамып, монографиялар мен ғылыми зерттеулер жарық көрді.

Қазақ тіл білімі болашақта дамып, қазіргі техника мен технологияның өсуімен байланысты заманға сай жетік тіл ретінде игерілуі үшін тілдік ақпараттар ғылыми тұрғыдан жан-жақты сараланған жөн. Осы орайда құрылымдық тіл білімінің ішіндегі фонетика саласына қатысты кейбір мәселелер, яғни транскрипцияның түрлері мен қойылатын белгілер қайта қарастыруды қажет етіп отыр. Себебі транскрипцияға қатысты пікірлер А.Байтұрсынұлы, І.Кенесбаев, С.Мырзабеков, Ғ.Қалиев, К.Аханов, Реформатский А.А., Жүнісбек Ә. сынды зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде айтылғанымен, арнайы зерттеу жұмысы ретінде қарастырылмады және ортақ транскрипция үлгісі берілмеді. Сол себептен зерттеудің негізінде транскрипцияның ортақ үлгісі беріледі. Транскрипция ауызша сөздің дыбыстық сипатын ашып береді. Осы жағынан келгенде «Орфоэпиялық сөздікте» сөздердің айтылымы фонетикалық транскрипция арқылы берілетіндіктен, сөздік жасауда да тиімді болып отыр.

### *Әдістері мен материалдар*

Жалпы тіл білімінде транскрипция (латынның transcriptio) — қайта көшіріп жазу деген мағынаны білдіріп, белгілі бір тілдегі дыбыстарды дәл бейнелеп көрсету үшін пайдаланылатын шартты таңба [1]. Яғни дыбыс пен оның таңбасы, яғни сөздің жазылуы мен айтылуы үнемі бір-

бірімен сәйкес келе бермейді. Сондықтан осындай сәйкессіздіктерді барынша азайтып, дыбыстық тілді мүмкіндігінше дәл беру үшін лингвистикада арнайы жазу — транскрипция қолданылады.

Тіл білімінде транскрипцияның екі түрі бар: **фонетикалық** және **фонематикалық**. Фонетикалық транскрипция — ауызша айтылған сөздің дыбысталуын неғұрлым дәл беру үшін қолданылатын жазу тәсілі, яғни дыбыс айтылуына қарай жуықтады, фонеманың вариант, вариациялары да қолданылады. Мысалы: *Амангелді [Амаңгелді], бейсенбі [бейсембі], қазан қап [қазанғап]*. Фонематикалық транскрипция сөздердің дыбысталуындағы өзгерістерді ескермей, тек фонемаларды жазады, яғни бір фонеманың вариант, вариациялары бір ғана таңбамен беріледі, яғни фонеманы дәл беру мақсат етіледі. Мысалы: *қору [қорұу], қиын [қыйын], кійік [киік]*.

Қазірге дейін фонетикалық-фонологиялық транскрипция жайында жеке-жеке қарастырылғанымен, ортақ бір үлгісі болмай отыр. Яғни фонетикалық шартты белгілердің әртүрлі берілуінен мәтінді бірден түсініп оқу қиын, сондықтан да ортақ үлгі қажет.

Ауызша мәтіндегі дыбыстарды фонетикалық және фонематикалық транскрипция тұрғысынан дәл бейнелеп беруде ғалымдардың ұстанымдары әртүрлі. Ғалым Ә.Жүнісбектің зерттеу жұмысында фонетикалық транскрипцияның екі нұсқасы берілген [2]. Бірінші нұсқада дыбыстардың әртүрлі комбинаторлық вариантын белгілейтін ассимилятивті транскрипция берілсе, ал екінші нұсқада дыбыстардың тембралды сипатын белгілейтін сингармологиялық транскрипция берілген. Ғалым екі нұсқаның да қолданылу аясын ашып көрсетеді. Яғни ассимилятивті-орфоэпия тұрғысынан бірінші нұсқа қолданылса, алсингармо-орфоэпиялық тұрғыдан екінші нұсқа қолданылады деген ұсыныс айтады.

Ауызша мәтіндегі дыбыстарды транскрипциялау үшін әрбір дыбыстың фонетика-фонологиялық сипатын анықтау қажеттілігі туындайды. Өйткені әр дыбыстың транскрипциясын беру үшін оның жуан-жіңішкелік, еріндік-езулік позициялары анықталып, оған арнайы белгілер қойылады. Сондай-ақ созылыңқы, ашық, қысаң екенін көрсететін белгілер де транскрипциялау кезінде беріледі.

Транскрипцияға қатысты І.Кеңесбаев, С.Мырзабеков, К.Аханов, Ғ.Қалиев, Ә.Жүнісбек, Ж.Әбуов сынды ғалымдар өзіндік тұжырым жасаған. Мәселен Ғ.Қалиев «транскрипция» сөзін «дыбыстанба» деп аударып, «Дыбыстанба графикалық, орфографикалық нормаларға байланыссыз сөйлеудің ең нәзік реңктерін мүмкіндігінше дәл беруді көздейді» — деген анықтама береді, ал С.Мырзабеков транскрипцияның екі түрі болатынын айтып, фонетикалық транскрипцияға **ат, ет, от, өт** деген мысал келтіреді де, <т> фонемасының дауысты дыбыстың ықпалымен әртүрлі реңкке ие болатынын, бірінші т — езулік жуан; екінші — езулік, жіңішке; үшінші — еріндік, жуан; төртінші — еріндік, жіңішке екенін айтады. Сондай-ақ сөз о, ө дыбысынан басталғанда, алдынан әнтек у келетінін, ал е-ден басталғанда әнтек й келетінін айтады. С.Мырзабеков фонетикалық транскрипция белгілерін де қоса береді. Мысалы: еріндік — °, жіңішке — ', √ — ұяң; ^ — қатаң; : — созылыңқы; < — ашық [3]. Академик І.Кеңесбаев транскрипцияға сөз екпіні (') мен тіркес екпінді (∩) білдіретін белгілерді және сөйлем ішіндегі кідірісті /, сөйлемнің аяқталғанын көрсететін // белгіні, ал екпін түсетін буынды белгісімен береді [4]. Ал Ә.Жүнісбек пен Ж.Әбуовтың «Фонетическая запись казахского текста» атты еңбегінде транскрипция үлгісін беруде Халықаралық фонетикалық әліпби мен «Советская тюркология» журналындағы транскрипция үлгісін пайдалана отырып, фонетикалық транскрипция үлгісін береді. Мысалы, жуан езулік үндестік әуен, жіңішкелік белгісі ('), жуан еріндік (о), жіңішке еріндік (о), қатандық белгісі (√) ұяндық белгісі: (^), жуысыңқылық белгісі (=), түсірілу (көмес дыбысталу) (.) [2].

Ал «Қазақ тілі энциклопедиясында» фонетикалық транскрипциядағы таңбалардың жиынтығын фонетикалық әліпби деп атайды да, оның принциптерін көрсетеді.

- әрбір дыбысты белгілеу үшін бір-бір таңба болуы шарт, яғни таңбалардың саны жеткілікті болуы қажет;
- белгілі бір дыбыстың айрықша ерекшелігін дәлме-дәл көрсету үшін қосымша диакритикалық таңбалардың болуы міндетті;
- таңбалардың барлығы да оңай, қолайлы, тез жазуға да, еске сақтауға да ыңғайлы, белгілеуге жеңіл болуға тиіс;
- дыбыстың (сөздің) айтылуы неғұрлым дәл берілуі керек [1].

Сондай-ақ әлемдік тәжірибеде транскрипциялаудың белгілі бір принципі сақталады. Мысалы, бас әріптер мен тыныс белгілердің қолданылмайтындығы; қысқартылған сөздер мен сандардың дыбысталуы бойынша берілуі; сұраулы және лепті әуендерге (интонация) әуендік белгілердің

койылуы; фонетикалық транскрипцияның мәтіні тік жақшамен, фонематикалық транскрипцияның мәтіні сынық жақшамен берілетіндігі айтылған [5].

Зерттеуде аудиторлық, эксперименталды-фонетикалық талдау, фонологиялық, артикуляторлы-акустикалық зерттеу және фонетика-фонологиялық талдау, жинақтау, жүйелеу, транскрипциялау т.б. әдістері қолданылады. Транскрипциямен қатар фонетикалық белгіленім үлгісін жасау да қажет. Қазіргі қазақ тілінің ұлттық корпусы жасалу үстінде, соған сәйкес фонетикалық белгіленімін әзірлеу де қажеттіліктен туындап отыр. Өйткені ұлттық корпуста әрбір дыбыстың өзіндік ерекшелігін нақты берген жөн. Фонетикалық белгіленімнің фонетикалық, фонологиялық транскрипциядан ерекшелігі бар. Фонетикалық белгіленім ұлттық корпустың базасындағы мәтіндерде қолданылады. Мәтіндегі әрбір дыбыстың акустикалық, артикуляциялық, перцепциялық сипаты беріледі. Мысалы, әліппе — жіңішке әуезді, ә-ліп-пе: ә — дауысты буын, ліп — бітеу буын, пе — ашық буын; ә — ашық, тілортасы, езулік; л — тілұшы, жанама жуысыңқы, үнді; і — қысаң, тілортасы, езулік; п — ерін-еріндік, тоғысыңқы, қатаң; е — құранды, тілортасы, емеурін езулік. Алайда бұл сипаттама әлі жетілдіруді қажет етеді. Себебі көрсетілген белгіленім фонологиялық жағынан толықтыруды қажет етеді.

### *Нәтижесі және олардың талқылау*

Сөз ағымын мүшеленудің заңдылықтары қандай деген сұраққа жауап іздеген ғалымдардың көбі оның тілдегі бірліктерге (сөзге, сөз тіркесіне) сүйене бермейтінін, мұндайда тыныстау заңдылықтарының да қосылатынын аңғарған. Сөздердің сөз ағымында белгілі бір топтарға бірігуі ырғаққа байланысты болады. Бұл әсіресе өлең жолдарында қатаң сақталады. Прозалық сөзде де ырғақ болады. Ырғақ дегеніміз белгілі бір буын санының бірдей уақыт аралығында қайталанып отыруы. Бірақ кез келген сөздер бірігіп, бір ырғақты топ құрай бермейді, екі сөздің басы бірігіп, бір ырғақпен айтылу үшін олардың арасында мағыналық та байланыс болу керек [6]. Жоғарыда келтірілген тұжырым бойынша мәтінді ырғақты топқа бөлейік. Себебі прозалық мәтінде де ырғақ болады.

<sup>1</sup>Қыйырына <sup>2</sup>көз <sup>3</sup>жетпес // <sup>4</sup>шалқар <sup>5</sup>теңіздің <sup>6</sup>жағасында / <sup>7</sup>төбөсу <sup>8</sup>гөк /, <sup>9</sup>айағы <sup>10</sup>жер <sup>11</sup>треген // <sup>12</sup>ак шағала <sup>13</sup>үйлөрү / <sup>14</sup>сап <sup>15</sup>түзөген // <sup>16</sup>алып <sup>17</sup>қала / <sup>18</sup>тыныстап <sup>19</sup>жатты//. <sup>20</sup>Алыстан / <sup>21</sup>немесе / <sup>22</sup>тым-тым <sup>23</sup>биіктен <sup>24</sup>қарағанда /, <sup>25</sup>суу <sup>26</sup>жағалап <sup>27</sup>жұусаған // <sup>28</sup>бір <sup>29</sup>ғора <sup>30</sup>қой <sup>31</sup>секілді / <sup>32</sup>үйүрүліп <sup>33</sup>көрүнеді // <sup>34</sup>Шайдай <sup>35</sup>ашық <sup>36</sup>гүндөрү / <sup>37</sup>үстін <sup>38</sup>қоп-қою / <sup>39</sup>түтүн <sup>40</sup>басып //, <sup>41</sup>мұнарға <sup>42</sup>түншүгүп <sup>43</sup>жатар / <sup>44</sup>қаланың <sup>45</sup>көрүнүсі /, <sup>46</sup>әсресе / <sup>47</sup>ішіне <sup>48</sup>кіргенде // <sup>49</sup>бар <sup>50</sup>сымбатын / <sup>51</sup>алдына <sup>52</sup>жайып <sup>53</sup>салар <sup>54</sup>еді // <sup>55</sup>Дүн йөжүзүндегі / <sup>56</sup>мйіліондаған <sup>57</sup>түргүнү <sup>58</sup>бар // <sup>59</sup>жойқұн <sup>60</sup>шаһардан / <sup>61</sup>сырт <sup>62</sup>көзгө <sup>63</sup>айрмашлығы <sup>64</sup>жоқ <sup>65</sup>болуп / <sup>66</sup>көрүнгенімен //, <sup>67</sup>анықтап <sup>68</sup>қараған <sup>69</sup>адам / ала <sup>70</sup>бөтөн <sup>71</sup>ерекшелігін <sup>72</sup>де / <sup>73</sup>табар <sup>74</sup>еді // <sup>75</sup>Әсресе / <sup>76</sup>төрт <sup>77</sup>тағаңға <sup>78</sup>орналасқан // <sup>79</sup>алты <sup>80</sup>қабатты <sup>81</sup>үйлөр / <sup>82</sup>қаздай <sup>83</sup>тізіліп //, <sup>84</sup>өзүнүң / <sup>85</sup>ешпір <sup>86</sup>елде <sup>87</sup>жоқ // <sup>88</sup>әсем <sup>89</sup>архйітектұрасымен / <sup>90</sup>көз <sup>91</sup>тартатын // <sup>92</sup>Күндүз <sup>93</sup>қырдан /, <sup>94</sup>түндө <sup>95</sup>енізден / <sup>96</sup>соққан <sup>97</sup>жел / <sup>98</sup>йін <sup>99</sup>трескен / <sup>100</sup>қызыл <sup>101</sup>кірпіш / <sup>102</sup>үйлөрдің <sup>103</sup>қалқасында / <sup>104</sup>қамалып <sup>105</sup>қалмай //, <sup>106</sup>арбайған <sup>107</sup>таған-сыйрақтардың <sup>108</sup>арасынан / <sup>109</sup>сусылдап <sup>111</sup>өтөр <sup>112</sup>еді де /, <sup>113</sup>қаланы / <sup>114</sup>йіс-қоқыстан <sup>115</sup>тазартып /, <sup>116</sup>желпіп <sup>117</sup>тұрар <sup>118</sup>еді// (Оралхан Бөкей. Жетім бота. Повесть).

Берілген мәтін бес сөйлемнен 52 ырғақты топтан, 118 бунақты топтан тұрады. Мәтіндегі ырғақты топ мағынасына қарай топтасып бөлініп отыр. Егер олардың аражігін ажырататын болсақ, мәтіннің желісін, мазмұнын түсіне алмаймыз. Зерттеуші А.Фазылжанованың пікірінше, сөз ағымындағы ырғақты топтардың айтылуға икемді болуы үшін буын саны шектеулі болады, әрі олардың құрамындағы сөздер бір-бірімен қандай да бір (анықтағыштық, толықтауыштық, пысықтауыштық және т.б.) қатынаста тұрып бір әуен өрнегімен үздіксіз айтылады [6]. Ғалым З.М.Базарбаеваның айтуынша, сөз ағымы көлемі мен мазмұн толықтығы жағынан әркелкі болса да, ол өзінің қабылдануы барысында фонетикалық тұрпаты жағынан тиянақталған жеке-жеке мағыналық бөлшектер — ырғақты топтар мен синтагмаларға мүшеленеді. Ырғақты топ дегеніміз өзінің соңғы буынына түскен ырғақ екпіні негізінде біріккен сөздердің ең кіші мағыналық тобы. Әдетте ырғақты топтар синтагмалармен үйлесіп отырады. Кейде бір синтагма бірнеше ырғақты топтардан тұрады [7]. Сонда ғалым З.М.Базарбаева сөз ағымындағы ең кіші мазмұнды бірлік ырғақты топ деп береді. Ал А.Фазылжанова ауызша сөздің заңдылықтары бойынша ұйымдасып тұратын сөз ағымы бірліктерін:

- 1) бунақты топ немесе фонетикалық сөз;
- 2) ырғақты топ;
- 3) синтагма;

4) сөйлем, — деп жіктей отырып, ең кіші бірлік ретінде бунақты топ немесе фонетикалық сөзді көрсетеді. Синтагмалар бунақты топтар мен ырғақты топтардан құралып, құрамындағы буындары синтагмалық екпін түскен буын айналасында ұйымдасады (Анықтағыш, 51-бет). Берілген мәтін он жеті синтагмадан тұрады.

Берілген мәтінді фонетикалық транскрипция бойынша белгілейтін болсақ, төмендегідей болады. Себебі дыбыс пен оның таңбасы сөздің жазылуы мен айтылуы үнемі бір-біріне сәйкес келе бермейді. Бұлардың арасындағы осы сәйкессіздікті барынша азайтып, дыбыстық тілді мүмкіндігінше дәл беру үшін лингвистикада арнайы жазу транскрипция (лат. transcriptio — көшіру) қолданылады [3]. Айталық, С.Мырзабеков бір ғана и әрпінің мынадай варианттарын көрсетеді. — 1) ый: мый, (жазылуы ми), қый (қи), ыйық (иық), таный (тани), қыйа (қия), қыйын (қиым), жый (жи), тыйын (тиын); 2) ій: кій (ки), тій (ти), ійне (ине), ійіс (иіс), бекій (беки), ерій (ери), бійлік (билік), ійір (иір), тійін (тиін); 3) үй: мұхұйт (мұхит), бұлтұй (бұлти), бұр-тұй (бұрти), жорұй (жори), мұқұйат (мұқият), құрұй (құри), құпұйа (құпия); 4) ұй: мурұйт (мұрит), мүлгұй (мүлги), түк-сұй (түкси), үрпұй (үрпи), үсұй (үси), мөлұй (мөли), дүнұйе (дүние). 5) и: институт, университет, инициатива, физика, кино. Жоғарыда берілген мәтінге фонетикалық транскрипцияны белгілеуде Ә.Жүнісбектің зерттеуіне сүйендік. Ғалымның фонетикалық транскрипцияны белгілеудегі шартты белгілерін негізге алдық. Ол шартты белгілер мыналар:

- жуан езулік үндестік әуен: « » bala
- жіңішкелік белгісі: « ' » t'l'ek'
- жуан еріндік: « » q<sup>o</sup>ul<sup>o</sup>un<sup>o</sup>
- жіңішке еріндік: «<sup>o</sup>» t'oцs<sup>o</sup>t<sup>o</sup>ьk<sup>o</sup>
- қатандық белгісі: « » bola
- ұяндық белгісі: « » kel
- жуысыңқылық белгісі: « » bız
- түсірілу (көмес дыбысталу): « » екі [2].

Қыйырына көз<sup>o</sup> ж'ет'п'ес' / шалқар т'ең'із'дің' жағасында / тө'б<sup>o</sup> өс'өү гөк<sup>o</sup> / айағы жер ті р'ег'ен' / ақ шағала үйл'өр'өү / сап т'өүз'өг'ен' / алып қала / тыныстап жатты// алыстан / н'ем'ес'е / тым-тым б'ій'ік'тен' қарағанда // сұу жағалап жұусаған / бір'ғора қой с'ек'іл'д'і / үй'өр'үл'үп' к'өр'үн'ед' // шайдай ашық г'өүн'д'өр'өү / үс'т'өүн' қоп-қою / т'өүт'өүн' басып // мұнарға т ұн ш ұғ ұп жатар / қаланың к'өр'үн'үс'і / әс'і р'ес'е / іш'ін'е к'ір'г'ен'д'е / бар сымбатын / алдына жайып салар ед' // д'өүн'й'өж'өүз'өүн'д'ег'і / м'ій'л'ій'ондаған т ұр ғ ұн ұ бар / ж ой қ ұн шаһардан / сырт к'өз'г'ө / ай'рмаш'лығы жоқ болұп / к'өр'үн'г'ен'і м'ен' // анықтап қараған адам / ала б'өт'өн' ер'ек'ш'ел'іг'ін' д'е / таб аред' // әс'і р'ес'е / т'өр'т тағанға ьорналасқан / алты қабатты үй'л'өр / қаздай т'із'л'іп' // өз'өүн'үң' / ьеш'п'ір' ьел'д'е жоқ / әс'ем' архійтектұрасымен / көз' тартатын // к'өүн'д'өүз' қырдан / т'өүн'д'ө г'ең'із'д'ен' / соққан ж'ел' / ій'ін' т'і р'ес'к'ен' / қызыл г'ір'п'іш' / үй'л'өр'д'өүң' қалқасында / қамалып қалмай // арб айған таған-сыйрақтардың арасынан / с ұу сұ лдап өт'өр'ед'і д'е // қаланы / ій'іс'-қ оқ ұс тан тазартып // ж'ел'п'іп' тұрар ьед' // (Оралхан Бөкей. Жетім бота. Повесть).

Берілген мәтіндегі дыбыстар фонетикалық транскрипциядағы белгілер арқылы мейлінше толық беріліп отыр. Мәтінде жіңішкелік белгісімен (« ' ») келетін сөздер жиі кездесті. Айталық, т'ең'із'дің', с'ек'іл'д'і, т'із'л'іп', ер'ек'ш'ел'іг'ін' д'е және басқа да сөздер. Ә.Жүнісбек зерттеуінде жуысыңқылық мына« » белгімен берілген, албіз мақаламызда жуысыңқылықты Орфоэпиялық сөздікке сүйене отырып «б» белгісімен белгіледік: қаб аты, таб аред, арб айған. Мәтінде көмес дыбысталатын сөздер де кездесті. Ондай дыбыстар мына« » белгі арқылы көрсетілді: еді — ед . Сол сияқты жуан еріндікті беруде мына « » белгі қолданылды. Мәтінде жуан еріндікпен келетін сөздер жіңішке еріндікке қарағанда аз кездесті: т ұр ғ ұн ұ, ж ой қ ұн, с ұу сұ лдап, т ұн ш ұғ ұп. Мәтінде ең жиі кездескені жіңішке еріндікпен келетін сөздер. Жіңішке еріндікпен кешелтін сөздер мынадай шартты «<sup>o</sup>» белгімен көрсетілді: к'өр'үн'г'ен'і м'ен', өт'өр, б'өт'өн', д'өүн'й'өж'өүз'өүн'д'ег'і.

Фонетикалық транскрипцияны беруде әр ғалым әртүрлі шартты белгілерді пайдаланған. І.Кеңесбаев өз еңбегінде мәтіндегі дыбыстардың айтылымын толық қамту үшін мынадай фонетикалық транскрипцияны қолданған. «Жиналыстыңертәңінәтәңертәң (Жомарт) ауданғажалғызтәртты // жиырмабестенжаңасқанжалындыжігіт (ойғаалғанынетпәйғоймандәсәдә) шытырманәмүрәзіргеонұ (екісүрүндіріқарапайымқартшақыпты) жолұндағыбіртәмпешіктәй (қиқандаса) басынанбырақаттапкәтәтіндәй көрүшәндікәшәгіжиналысолайемәс // жақыпты (тамырытәрән) бәйтйрйәетіпкөрсәтті // көрсәтіпқанағойғанәжок, (байқадәп) маңдайынантырәстыршәртіпкәтті. Тәттәүмүт (әдәмәй) дәләсұнынаалдындағанамықтап тұрып

(бір-отұртқанАлма, Жанат) екі-ғыз) бір-анадантұғандай (бір-ғалыптаншыққандай) бір-ауылдаер-жәтті // екзюінің-көркү (мінезі) оқууұтәң, (ойу) арманы-тәңсырлас-күрбұлар, ең-ақыры (кйімдәрін-эдәйн) парлап-кййтін //» [4].

І.Кеңесбаевбұлмәтіндетексөзекпінментіркесекпіндібілдіретінбелгілердіқолданғанынжәнемәтінді жеңілдету үшін үшіншібуындардағы ерін үндестігін (оныңжартылай ықпалын) көрсетпегенін, сондай-ақ, белгісін тіркесекпінгеисөздерді, / белгісінсөйлем ішіндегіфонетикалықпаузаны, // белгісінсөйлемшегін, белгісіннегізгіекпінгеиебуынды білдіру үшінқолданғанынайтады [8].

#### Қорытынды

Қорыта келгенде, қазіргі тілтанымда фонетикалық транскрипция арнайы зерттеуді қажет ететін мәселе болып табылады. Себебі фонетикалық транскрипция мен фонематикалық транскрипцияның ерекшелігі анықтама түрінде берілгенімен, олардың мәтіндегі қолданысы аз қамтылған. Сонымен қатар әр ғалым транскрипцияның шартты белгілерін әртүрлі белгілеген. Біз өз мақаламызда ғалым Ә.Жүнісбектің фонетикалық транскрипцияда қолданатын шартты белгілерін негізге алдық. Мәтінді транскрипциямен белгілеуде дыбыстардың ерекшелігін түгел қамтуға тырыстық. Нәтижесінде шағын ғана мәтінде жіңішке еріндікпен келетін сөздердің жиі қолданылғанын көруге болады. Болашақта фонематикалық пен фонетикалық транскрипцияның аражігін айқындап, олардың ерекшелігін және мәтіндегі қолданысын көрсететін зерттеулердің керек екенін болжадық.

#### Пайдаланған әдебиеттер

- 1 Қазақ тілі энциклопедиясы / Е.М.Арынның редакторлығымен шыққан. — Алматы: «ІДК-ТІРО редакциялық баспа орталығы», 1998. — 510 б.
- 2 Абуов Ж., Джунибеков А. Фонетическая запись казахского текста / Ж. Абуов, А. Джунибеков. — Алма-Ата: Ғылым, 1991. — С. 84.
- 3 Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі / С. Мырзабеков. — Алматы: Сөздік-Словарь, 1999. — 201 б.
- 4 Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері / І. Кеңесбаев. — Алматы: Арыс, 2008. — 603 б.
- 5 Реформатский А.А. Введение в языковедение / А.А. Реформатский. — Москва: Аспект Пресс, 2003. — С.536.
- 6 Қазақ тілінің орфоэпиялық анықтағышы. — Алматы, 2004. — 198 б.
- 7 Базарбаева З.М. Сегментті және суперсегментті фонетика мәселелері / З.М. Базарбаева. — Алматы, 2016ж. — 746 б.
- 8 Қыдырбаев Қ. Транскрипция түрлері және қазақ мәтіндерінің транскрипциялану жайы / Қ. Қыдырбаев // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. — 2011. — № 4(134).

Ж.Жұмабаева, А.Аманбаева

### Фонетическая и фонологическая транскрипция в казахском языкознании

В статье рассматривается понятие общей транскрипции и ее изучение в общем языкознании. А также на основе языковых данных определяется соотношение звука и письма, то есть содержание и различие фонетической и фонологической транскрипции в казахском языкознании. Независимо от того, какой язык вы берете, его написание в качестве символа и его звучание является исключением. То есть транскрипцией мы определяем соотношение орфографии и орфоэпии. Обосновывается, что если общая графика представляет собой изображение звука как условного символа, то условный символ, который передается для точного отображения звучания транскрипции. Доказывается, что основная функция транскрипции заключается в точном отображении звуковой или фонематической функции слова. Одна фонема может быть помечена разными буквами при написании, тогда как в транскрипции одна фонема помечена только одним символом. До сих пор в казахском языкознании система транскрипции звуков не передавалась, а маркировалась по-разному. Авторы приходят к выводу, что в научных исследованиях с целью систематизации фонетико-фонологической транскрипции казахского языка необходимо различать фонетическую и фонологическую транскрипцию. При этом раскрывается акустический и артикуляционный характер каждой фонемы для транскрипции слов. Также в целях раскрытия просодической специфики транскрибируемых слов текст будет интонационно разделен на синтагму и показаны интонемные модели.

*Ключевые слова:* фонетика, буквы, словосочетание букв, транскрипция, фонетическая транскрипция, фонологическая транскрипция, артикуляция, разметка.

Zh. Zhumabayeva, A. Amanbayeva

**Phonetic and phonological transcription in Kazakh linguistics**

In modern Kazakh linguistics, the problem of transcription arose due to the need for special research. In the research of scientists, we are not talking about transcription, not about its system, the regularity is not preserved. The article discusses the concept of general transcription and its study in general linguistics. And also on the basis of language data, the ratio of sound and writing is determined, that is, the content and difference of phonetic and phonological transcription in Kazakh linguistics. No matter what language you take, its spelling as a symbol and its sound is an exception. That is, by transcription, we determine the ratio of spelling and orthoepy. If the general graphic is an image of the sound as a conditional symbol, then the conditional symbol that is transmitted to accurately display the sound of the transcription. The main function of transcription is to accurately display the sound or phonemic function of a word. One phoneme can be marked with different letters when writing, whereas in transcription, one phoneme is marked with only one character. Until now, the system of sound transcription has not been transmitted in Kazakh linguistics, but has been labeled in different ways. Therefore, in scientific research in order to systematize the phonetic and phonological transcription of the Kazakh language, it is necessary to distinguish between phonetic and phonological transcription. At the same time, the acoustic and articulatory nature of each phoneme for the transcription of words is revealed. Also, in order to reveal the prosodic specificity of the transcribed words, the text will be intonationally divided into syntagma and intonemic models are shown.

*Keywords:* phonetics, letters, word combination of letters, transcription, phonetic transcription, phonological transcription, articulation, markup.

**Reference**

- 1 Aryn, E.M. (ed.) (1998). Qazaq tili entsiklopediiasy [Encyclopedia of the Kazakh language]. Almaty: «IDK-TIPO redaktciialyq baspa ortalygy» [in Kazakh].
- 2 Abuov, J., Junisbekov, A. (1991). Foneticheskaja zapis' kazahskogo teksta [Phonetic transcription of the Kazakh text]. Alma-Ata: Gylym [in Russian].
- 3 Myrzabekov, S. (1999). Qazaq tilinin dybys zhujesi [Sound system of the Kazakh language]. Almaty: Sozdik-Slovar' [in Kazakh].
- 4 Kesenbaev, I. (2008). Qazaq til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh language education]. Almaty: Arys' [in Kazakh].
- 5 Reformatsky, A.A. (2003). Vvedenie v jazykovedenie [Introduction to Linguistics]. Moscow: Aspekt Press [in Russian].
- 6 (2004). Qazaq tilinin orfojepejalyq anyqtagyshy [Orthographic guide of the Kazakh language]. Almaty [in Kazakh].
- 7 Bazarbayeva, Z.M. (2016). Segmentti zhane supersegmentti fonetika maseleleri [Problems of segmental and supersegmental phonetics]. Almaty [in Kazakh].
- 8 Кыдырбайев, К. (2011). Транскрипция тырleri zhəne қазақ мәтіндериниң транскрипцијалану zhajy [Types of transcription and place of transcription of Kazakh texts]. QazUU habarshysy. Filologija serijasy — Messenger of KazNU. Philology series. Vol.4 (134) [in Kazakh].